

Теміржол бойымен акцизделмеген тауарлар тобының қозғалысына бақылауды көшейту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1998 жылғы 25 желтоқсан N 264-П бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 ақпанда N 691 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылдың 14 ақпанындағы N 217 реттегі "Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді импортқа шығаруды және өткізуді тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысына сәйкес теміржол бойымен акцизделмеген тауарлар тобының қозғалысына бақылауды күшейту және кеден төлемдері мен салықтарының толық түсуін қамтамасыз ету үшін б ұ й ы р а м ы н :

1. Темір жолмен Қазақстан Республикасының кеден аумағына (N 1 Қосымшаға сәйкес) акцизделуге тиісті тауарлар тобын әкелу кезінде бюджет түсімін толық қамтамасыз ету үшін кеден басқармалары мен кеден бастықтары тауарларды кедендік ресімдеу кезінде (тауарларды еркін айналысқа шығару кезінде төленуге жататын) төленуге тиісті кеден төлемдері мен салықтар сомасын кеден органдары белгілеген депозитке енгізуді қамтамасыз етсін.

Кеден органдары белгілеген төленуге тиісті кеден төлемдері мен салықтар депозитке түскеннен кейін кеден органдары белгілеген депозитке көрсетілген соманың түскендігі туралы (кіруге) шекара жанындағы кеден органына х а б а р л а й д ы .

2. Тауарларды кедендік ресімдеу 1997 жылдың 5 наурызында N 267 ретпен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген "Теміржол көлігімен тасымалданатын жүктерді кедендік ресімдеу кезінде кеден органдары мен темір жолдың өзара іс-қимылының уақытша технологиясына" сәйкес жү р г і з і л с і н .

3. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК